

Туристік қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне сыйымдылығы жүргізушінің орнын қоспағанда, сегізден астам отыратын орны бар автомобиль көлік құралдарын сатып алу бойынша шығындардың бір бөлігін өтеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 412 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 қаңтарда № 26380 болып тіркелді.

**ЗКАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 01.01.2022 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.**

"Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 20-20) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Туристік қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне сыйымдылығы жүргізушінің орнын қоспағанда, сегізден астам отыратын орны бар автомобиль көлік құралдарын сатып алу бойынша шығындардың бір бөлігін өтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Туризм және спорт министрінің 29.12.2023 № 353 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық қолданысқа енгізілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы тармақта көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қағидалардың 9-тармағының екінші абзацы 2024 жылғы 1 мамырға дейін қолданылады деп белгіленсін.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - КР Туризм және спорт министрінің 29.12.2023 № 353 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрі

A. Раймкулова

**"КЕЛІСІЛДГ"**

**Қазақстан Республикасының**

**Каржы министрлігі**

**"КЕЛІСІЛДГ"**

**Қазақстан Республикасының**

**Ұлттық экономика министрлігі**

**"КЕЛІСІЛДГ"**

**Қазақстан Республикасының**

**Ішкі істер министрлігі**

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрі  
2021 жылғы 30 желтоқсандағы  
№ 412 Бұйрықпен бекітілген

**Туристік қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне сыйымдылығы жүргізушінің орнын қоспағанда, сегізден астам отыратын орны бар автомобиль көлік құралдарын сатып алу бойынша шығындардың бір бөлігін өтеу қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Туристік қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне сыйымдылығы жүргізушінің орнын қоспағанда, сегізден астам отыратын орны бар автомобиль көлік құралдарын сатып алу бойынша шығындардың бір бөлігін өтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 20-20) тармақшасына сәйкес әзірленді және туристік қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне сыйымдылығы жүргізушінің орнын қоспағанда, сегізден астам отыратын орны бар автомобиль көлік құралдарын сатып алу бойынша шығындардың бір бөлігін өтеу (бұдан әрі – шығындардың бір бөлігін өтеу) тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган – жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын орталық атқарушы орган және оның облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы аумақтық бөлімшелері;

2) уәкілетті орган – туристік қызмет саласындағы мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

3) туристік қызмет – жеке немесе заңды тұлғалардың туристік қызметтер көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметі.

**2-тарау. Туристік қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне сыйымдылығы жүргізушінің орнын қоспағанда, сегізден астам отыратын орны бар автомобиль көлік құралдарын сатып алу бойынша шығындардың бір бөлігін өтеу тәртібі**

3. Кәсіпкерлік субъектісі шығындардың бір бөлігін өтеуді алу үшін осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша шығындардың бір бөлігін өтеуге арналған өтінімді (бұдан әрі – өтінім) тіркелген жері бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына (бұдан әрі – ЖАО) тиісті күнтізбелік жылдың 1 маусымға дейінгі мерзімде пошта арқылы не қолма-қол қағаз немесе электрондық нысанда ұсынады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - КР Туризм және спорт министрінің 23.04.2025 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Кәсіпкерлік субъектісі ЖАО-ға жолданатын өтінімге қоса ұсынады:

1) занды тұлға өтінім берген жағдайда – занды тұлғаның құрылтай құжаттарының көшірмелері, жеке тұлға өтінім берген жағдайда – жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, жеке кәсіпкер ретінде қызметінің басталғанын растайтын құжаттың көшірмесі, ал кәсіпкерлік субъектісінің өкілі өтінім берген жағдайда – кәсіпкерлік субъектісінің мұдделерін білдіруге нотариалды куәландырылған сенімхаты қоса ұсынылады;

2) өтінім беру жоспарланып отырган айдың алдындағы айдың бірінші күніне алынған есебі мемлекеттік кірістер органында жүргізілетін берешектің жок (бар) екендігі туралы мәліметтер;

3) көлік құралын тіркеу туралы куәлік көшірмесі;

4) сыйымдылығы жүргізушінің орнын қоспағанда, сегізден астам отыратын орны бар автомобиль көлік құралының (бұдан әрі – автокөлік құралы) сатып алынғанын растайтын құжаттың көшірмесі (электрондық шот-фактурапар не сатып алу-сату шарты, автокөлік құралын кредитке сатып алған жағдайда – кредиттік шарт).

Автокөлік құралын электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесін пайдаланбайтын шетелдік өндірушіден сатып алған жағдайда автокөлік құралын сатып алу жөніндегі шығындар көлік құралдарына арналған кедендей декларациямен (Еуразиялық экономикалық одақтың мүшелері болып табылмайтын үшінші елдерден) немесе "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 456-бабының 2-тармағына сәйкес салық органының белгісі бар тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтінішпен расталады;

5) сатып алынған автокөлік құралының фото- және бейнетіркеу материалдары;

6) соңғы 2 (екі) жылдағы қосылған құн салығы өсу динамикасын растайтын үзінді.

Осы тармақтың 6 тармақшасының ережесі:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 82 және 83-баптарына сәйкес қосылған күн салығын төлеушілер болып табылмайтын;

мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап үш жылдан аз уақыт ішінде қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне қолданылмайды.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - КР Туризм және спорт министрінің 23.04.2025 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. ЖАО келіп түскен өтінімдер мен оған қоса ұсынылатын осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес құжаттар, сондай-ақ материалдарды (бұдан әрі – құжаттар топтамасы) тіркеп, олар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде толықтығын қарайды.

Кәсіпкерлік субъектісі құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, ЖАО жетіспейтін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, оларды осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде кәсіпкерлік субъектісіне жазбаша хабарламамен қайтарады.

Құжаттар топтамасының толық еместігі жойылған жағдайда кәсіпкерлік субъектісі өтінімді қайта береді.

6. Кәсіпкерлік субъектілері ұсынған құжаттардың толық топтамасын қарау үшін ЖАО шығындардың бір бөлігін өтеуге арналған өтінімдерді қарау бойынша тұрақты жұмыс істейтін комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрады.

Комиссия мүшелері тақ санымен кемінде 7 (жеті) адамнан құралады, олардың арасынан төраға және төрағаның орынбасары тағайындалады.

Комиссия төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, комиссия отырыстарын өткізеді. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын төрағаның орынбасары орындейды.

Комиссия отырыстарының хаттамаларын дайындауды комиссия мүшесі болып табылмайтын хатшы жүзеге асырады.

Комиссия төрағасы, төрағасының орынбасары, хатшысы ЖАО қызметкерлері қатарынан тағайындалады.

Комиссия құрамына "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының, салалық қауымдастықтардың және бизнес өкілдері кіреді.

7. Комиссия құжаттар топтамасы келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде олардың осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкестігін қарайды.

Құжаттар топтамасын қарау қорытындысы бойынша комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес келген жағдайда шығындардың бір бөлігін өтеу туралы;

2) осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес келмеген жағдайда шығындардың бір бөлігін өтеуден бас тарту туралы.

7-1. Шығындардың бір бөлігін өтеуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде ЖАО кәсіпкерлік субъектісіне шығындардың бір бөлігін өтеуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектісінің алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу дің уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама Қазақстан Республикасы Әкімшілік ресімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес Комиссия шешім қабылдағанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша Комиссияның шешімі негізінде ЖАО кәсіпкерлік субъектісіне шығындардың бір бөлігін өтеу туралы нәтиже немесе кәсіпкерлік субъектісіне шығындардың бір бөлігін өтеуден бас тарту туралы дәлелді жауап береді.

**Ескерту. 2-тарау 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Туризм және спорт министрінің 29.12.2023 № 353 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді және оған қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде ЖАО-ның интернет-ресурсында орналастырылады.

9. Хаттаманың негізінде ЖАО Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 511 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10007 болып тіркелген) бекітілген Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларымен көзделген тәртіппен тиісті қаржы жылына арналған күнтізбелік жылдың 30 наурызына дейін толық көлемде бюджеттік өтінімді қалыптастырады.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің 29.12.2023 № 353 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Алып тасталды - ҚР Туризм және спорт министрінің 29.12.2023 № 353 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Шығындардың бір бөлігін өтеуді жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде жүзеге асырады.

12. Шығындардың бір бөлігін өтеу мөлшері автокөлік құралдары қунының жиырма бес пайзызын құрайды.

13. Шығындардың бір бөлігін өтеу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізіледі. Шетелдік валюталарда жұмсалған шығындар автокөлік құралын сатып алу күніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің валюта бағамдары бойынша қайта есептеуге жатады.

14. Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісі жергілікті бюджетке шығындардың бір бөлігін өтеу үшін қаражат түсken күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде шығындардың бір бөлігін өтеу бойынша сомаларды қәсіпкерлік субъектісінің екінші деңгейдегі банкте ашылған және өтінімде көрсетілген есеп айырысу шотына аударуды жүзеге асырады.

15. Шығындардың бір бөлігін өтеуді алған қәсіпкерлік субъектісі шығындардың бір бөлігін өтеуді алған кезден бастап бес жыл ішінде сатып алынған автокөлік құралын мақсатсыз пайдалануға және иеліктен шығаруға жол бермейді.

16. Қәсіпкерлік субъектісі шығындардың бір бөлігін өтеу күнінен бастап бес жыл ішінде автокөлік құралын иеліктен шығарған жағдайда, ЖАО шығындардың бір бөлігін өтеу сомасын қайтару жөніндегі шараларды сотқа жүргіну жолымен қабылдайды.

17. Қәсіпкерлік субъектісі жыл сайын күнтізбелік жылдың 1 желтоқсанына дейінгі мерзімде ЖАО-ға осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша шығындардың бір бөлігін өтеуді алған қәсіпкерлік субъектісінің автокөлік құралын пайдалану бойынша күнтізбелік жылға арналған ақпаратын (бұдан әрі – ақпарат), сондай-ақ ақпарат ұсынылғанға дейін он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органнан алынған автокөлік құралының болуын (болмауын) растайтын мәліметтерді жолдайды.

18. ЖАО жыл сайын күнтізбелік жылдың 15 желтоқсанына дейінгі мерзімде уәкілетті органға:

1) жиынтық ақпаратты;

2) қәсіпкерлік субъектілерінің автокөлік құралдарын иеліктен шығару фактілерінің болмауы (болуы) туралы мәліметтерді ұсынады. Иеліктен шығару фактілері болған жағдайда қайтарылуға жататын сомалар көрсетілген мәліметтер ұсынылады.

19. Шығындардың бір бөлігінің орнын толтыру кезінде қәсіпкерлік субъектісі келесі бағыттар бойынша қарсы міндеттемелерді қабылдайды:

1) жұмыскерлер санын ұлғайту;

2) қосылған құн салығын ұлғайту.

Осы тармақтың 2 тармақшасының ережесі:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 82 және 83-баптарына сәйкес қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын;

мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап үш жылдан аз уақыт ішінде қызметті жүзеге асыратын қәсіпкерлік субъектілеріне қолданылмайды.

Қарсы міндеттемелер ЖАО мен қәсіпкерлік субъектісі арасында жасалатын келісімде көзделеді.

**Ескерту. Қағидалар 19-тармақпен толықтырылды - ҚР Туризм және спорт министрінің 11.04.2024 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт**

**министрінің 23.04.2025 № 57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрықтарымен.**

Туристік қызметті жүзеге  
асыратын кәсіпкерлік  
субъектілеріне сыйымдылығы  
жүргізушінің орнын қоспағанда,  
сегізден астам отыратын орны  
бар автомобиль көлік  
құралдарын сатып алу бойынша  
шығындардың бір бөлігін өтеу  
қағидаларына  
1-қосымша

## Нысан

кімге \_\_\_\_\_  
(жергілікті атқарушы органның атауы)  
кімнен \_\_\_\_\_  
(кәсіпкерлік субъектісінің атауы)

**Туристік қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне сыйымдылығы жүргізушінің орнын қоспағанда, сегізден астам отыратын орны бар автомобиль көлік құралдарын сатып алу бойынша шығындардың бір бөлігін өтеуге арналған өтінім**

Туристік қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне сыйымдылығы жүргізушінің орнын қоспағанда, сегізден астам отыратын орны бар автомобиль көлік құралдарын сатып алу бойынша шығындардың бір бөлігін өтеуге арналған өтінімді қарауды сұраймын.

### 1. Кәсіпкерлік субъектісі туралы мәліметтер.

Занды тұлға үшін:

бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) \_\_\_\_\_

басшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) \_\_\_\_\_

мекен-жайы \_\_\_\_\_

телефон (факс) нөмірі \_\_\_\_\_

Жеке тұлға үшін:

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) \_\_\_\_\_

жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) \_\_\_\_\_

жеке басты куәландыратын құжат:

нөмірі \_\_\_\_\_

берген орган \_\_\_\_\_

берілген күні \_\_\_\_\_

мекен-жайы \_\_\_\_\_

телефон нөмірі \_\_\_\_\_. \_\_\_\_\_

### 2. Кәсіпкерлік субъектісінің қызметін раставтын құжаттар.

Занды тұлға үшін кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін берілген лицензияның нөмірі мен берілген күні: \_\_\_\_\_.

Жеке тұлға үшін кәсіпкерлік субъектісі ретінде қызметтің басталғаны туралы хабарламаың нөмірі: \_\_\_\_\_.

3. Автокөлік құралы туралы мәліметтер:

сипаттамасы \_\_\_\_\_

сатып алу сомасы (жазбаша, теңгемен) \_\_\_\_\_

қаржы қаржатының көзі \_\_\_\_\_

іске асыру мекен-жайы \_\_\_\_\_.

4. Кәсіпкерлік субъектісінің екінші деңгейдегі банктे ашылған есеп айырысу шотының деректемелері:

5. Өтеу сомаларын алдын ала есептеу \_\_\_\_\_.

Өтінімге Туристік қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне сыйымдылығы жүргізушінің орнын қоспағанда, сегізден астам отыратын орны бар автомобиль көлік құралдарын сатып алу бойынша шығындардың бір бөлігін өтеу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 4-тармағында көрсетілген құжаттар қоса ұсынылады:

1) \_\_\_\_\_

2) \_\_\_\_\_

Ұсынылған ақпараттың, оның ішінде банкрот болмайтынымды, "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес банкроттық немесе тарату және банкроттық рәсіміне жатпайтынымды раставмын және дербес деректерді жинау, өндіреу, сақтау, түсіру және пайдалануға, сондай-ақ жыл сайын осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес ақпаратты ұсынуға келісім беремін.

(кәсіпкерлік субъектісі басшысының (өкілінің) қолы)

Мөрдің орны (болған жағдайда)

Өтінім берілген күн: "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл

Туристік қызметті жүзеге  
асыратын кәсіпкерлік  
субъектілеріне сыйымдылығы  
жүргізушінің орнын қоспағанда,  
сегізден астам отыратын орны  
бар автомобиль көлік  
құралдарын сатып алу бойынша  
шығындардың бір бөлігін өтеу  
қағидаларына  
2-қосымша

Нысан

кімге \_\_\_\_\_  
(жергілікті атқарушы органның атауы)

кімнен \_\_\_\_\_  
(кәсіпкерлік субъектісінің атаяу)

**Сыйымдылығы жүргізушінің орнын қоспағанда, сегізден астам отыратын орны бар  
автомобіль көлік құралдарын сатып алу бойынша шығындардың бір бөлігін өтеуді алған  
кәсіпкерлік субъектісінің автокөлік құралын пайдалану бойынша күнтізбелік жылға  
арналған ақпараты**

№ р/с	Кәсіпкерлік субъектісінің атаяу	Автокөлік құралы қызмет көрсеткен туристер мен туристік маршруттар саны (айлар бөлінісінде)	*Кәсіпкерлік субъектісі мен туристер арасында жасалған шарттардың номірлері	**Туристік маршруттар сипаттамасы
1	2	3	4	5

Ескертпе:

\*Растау үшін шарттардың көшірмелерін есепке қоса ұсынылады.

\*\*Туристік маршруттар сипаттамасы мынадай ақпаратты қамтиды:

- 1) автокөлік құралының маркасы, орындар саны
- 2) турдың ұзақтығы
- 3) маршрут өтетін участекелер.

\_\_\_\_\_ (кәсіпкерлік субъектісі басшысының (өкілінің) қолы)

Мөрдің орны (болған жағдайда)

"\_\_\_" \_\_\_\_ 20\_\_ жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК